

**«М.ӨТЕМІСОВ атындағы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

**М. Өтемісов атындағы БҚУ
академиялық кеңесінің
2023 жылғы «31» тамыздағы
№2 кезектен тыс отырысы
хаттамасымен бекітілді**

 **Г.С. Кайсағалиева**



**М. ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТТЕРІНДЕ ӘДІСТЕМЕЛІК АЙЛЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Әдістемелік апталықтың мақсаттары
3. Әдістемелік апталықтың міндеттері
4. Әдістемелік апталықтың өткізу тәртібі
5. Әдістемелік апталықтың қорытындысын шығару
6. 1-қосымша
7. 2-қосымша

1. Жалпы ережелер

1.1 Әдістемелік айлық университет факультеттері жылына бір рет оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, сондай-ақ ЖОО-да оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында өткізеді.

1.2 Әдістемелік айлық – студенттердің оқу сапасын арттыруға, кәсіби даярлығына және шығармашылық-зерттеу қызметін дамытуға бағытталған оқытушылардың мақсатты, ұжымдық, жеке, шығармашылық практикалық қызметін көрсететін факультет, кафедра жұмысының бір түрі.

2. Әдістемелік айлықтың мақсаттары

2.1 Педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттілігін арттыру. Педагогтердің құзыреттілік деңгейін қалыптастыру мен арттыруда жеке тәсілді қамтамасыз ету.

2.2 Білім беру үдерісінің жаңа технологияларын, әдістерін, құралдары мен нысандарын енгізу және қолданыстағыларды жетілдіру.

2.3 Тәжірибе алмасу үшін жинақталған әдістемелік әзірлемелерді көрсету және ПОҚ шығармашылық ізденісті жүйелі түрде тартуға белсендіру.

3. Әдістемелік айлықтың міндеттері

3.1 Жаңа ақпараттық технологияларды, оқытудың белсенді әдістерін пайдалана отырып, білім беру үдерісінің іске асыру әдістерінің тәжірибесін көрсету.

3.2 Оқытушылардың кәсіби өсуін ынталандыру, шығармашылық әлеуетін жетілдіру, оқу үдерісіне оқытудың озық технологияларын енгізу.

3.3 Студенттерді пәндерді тереңдетіп оқуға ынталандыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, студенттердің дамытушылық, коммуникативтік және кәсіби құзыреттерін дамыту, таңдаған мамандығы бойынша кәсіби біліктері мен дағдыларының шеңберін кеңейту.

3.4 Педагогтердің эксперименттік және инновациялық қызметін ұйымдастырушылық, педагогикалық және мазмұндық тұрғыдан қолдау.

4. Әдістемелік айлықтың өткізу тәртібі

4.1 Факультеттерде әдістемелік айлықтар Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі- проректор бекіткен кестеге сәйкес өткізіледі.

4.2 Әдістемелік айлықты факультет ұйымдастырады.

4.3 Әдістемелік айлықтың бағдарламасын (1-қосымша) факультет деканы әзірлейді (бағдарламаның әрбір бөліміне, өткізілетін күніне, уақытына, орнына жауапты әрбір жоспарланған күнге нақты іс-шараларды енгізуі тиіс), факультет кеңесінің отырысында қаралады, әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімімен келісіледі, факультет деканы бекітеді. Бағдарлама университеттің барлық факультеттеріне ұсынылады (басталғанға дейін 7 күннен кешіктірмей). Факультеттің әдістемелік айлықтың өткізілуі туралы хабарландыру факультеттің сайтында орналастырылады.

Бағдарламаны жасақтау кезінде факультеттегі барлық ПОҚ-тың қамтылуын, сабақтар мен іс-шараларды өткізудің әртүрлі нысандарын ескеру қажет.

4.4 Әдістемелік айлықтың бағдарламасы міндетті түрде келесі жұмыстарды толық қамтуы керек:

- оқытушылардың ашық сабақтары (дәріс, практикалық, зертханалық, семинарлық);

- пән бойынша дәстүрлі емес сабақтар (іскерлік ойын, жобаларды қорғау және т. б.);

- оқытушылардың ағылшын тіліндегі сабақтары;

- «Үздіктен үйрен» тәжірибелі ғалым-оқытушылардың шеберлік-класы;

- қалалық деңгейдегі әдістемелік семинар (қала мұғалімдерін тарта отырып);

- оқытушының озық педагогикалық тәжірибесін жинақтау;

- оқытушыларға арналған ғылыми-әдістемелік семинар;

- аудиториядан тыс іс-шаралар: ПОҚ әдістемелік және ғылыми еңбектері жарияланымдарының көрмелері, конкурстар, викториналар, турнирлер, ауызша журналдар, дөңгелек үстелдер, пікірталастар, студенттік конференциялар;

- кәсіптік бағдар беру жұмысы: оқушылармен, жұмыс берушілермен кездесулер, кәсіптік шеберлік конкурстары.

- ПОҚ шығарған оқу құралдары бойынша университет кітапханасында көрме ұйымдастырылып, авторлары мен білім алушылардың арасында кездесу өткізу.

4.5 Әдістемелік айлық факультеттің кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Барлық өткізілетін іс-шаралар ашық деп есептеледі. Әдістемелік айлықты өткізуге факультеттің барлық оқытушылары, жұмыс берушілер, ардагерлер, білім алушылар қатысады.

4.6 Әдістемелік айлықты өткізу кезінде факультет әкімшілігі, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, әдіскер-оқытушылар білім алушылардың білім деңгейін, оқытушылардың педагогикалық және кәсіби шеберлігін, аудиторияның әдістемелік қамтамасыз етілуін талдай отырып, ашық іс-шараларға қатысады.

4.7 Әлеуметтік желілерде өткізілген іс-шараларды күнделікті жариялау.

4.8. Шеберлік-класстар және т. б. шаралар бейнежазбаға жазу.

5. Әдістемелік айлықтың қорытындысын шығару

5.1 Әдістемелік айлықтың қорытындысы факультет кеңесінің отырысында талданады (қарастырылады).


5.2 Өткізілген әдістемелік айлықтың қорытындысы бойынша факультет кеңесінің төрағасы толық есеп жазады (фото, видео, презентациялар және т.б.), оны әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөліміне қағаз және электронды түрде тапсырады, есеп факультеттің кеңесінің төрағасында сақталады (2-қосымша).

5.3 Әдістемелік айлықтың қорытындысы бойынша «Өркен» газетіне және факультет сайтына ақпарат (фото, видео, презентациялар) жарияланады.

5.4 Өткізілген әдістемелік айлықтың қорытындысы бойынша ең үздік шаралар марапатталады.


Құрастырылды:

Әдістемелік жұмыс және
білім беру технологиялары
бөлімінің жетекшісі

 Д.Т. Утеулиева «28» 08 2023 ж.

Келісілді:

Жаңартпашылық технологиялар
және цифрландыру
департаментінің директоры

 Э.Ж. Имашев «28» 08 2023 ж.

Бекітемін
Факультет деканы

_____ (Қолы) _____ (ТАӘ)
«__» _____ 20 ж.

_____ факультетінде
(факультет атауы)
әдістемелік айлықты өткізу бағдарламасы

Күні, уақыты	Іс-шараның атауы	Өтетін орны	Іс-шараларға жауаптылар
03.11.20 (дүйсенбі)			
.... (сейсенбі)			
.....(сәрсенбі)			
.....(бейсенбі)			
..... (жұма)			

Бекітемін
Факультет деканы

(КОЛЫ) _____ (ТАӘ)
«__» _____ 20 ж.

20__ - 20__ оқу жылының __ __ семестрінде

_____ факультетінде әдістемелік айлықты өткізу туралы
(факультет ағауы)

Есеп құрылымы

Тақырыбы:

Мақсаты:

Міндеттері:

Күтілетін нәтиже:

Қолданылған әдістер мен тәсілдер:

Негізгі дереккөздер:

Қорытындылар:

Ұсынымдар:

Құрастырды:

_____ факультет деканының орынбасары _____
(КОЛЫ) _____ (АТЫ-ЖӨНІ)